



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР


Маусым 2022

Инфляция 2022 жылғы маусымда айлық мәнде 1,6%-ды құрады, жылдық мәнде бағаның өсімі 14,5%-ға дейін жеделдеді. Инфляцияға негізгі үлес азық-түлік инфляциясы тарапынан сақталады. Бұл ретте азық-түлік емес тауарлардың инфляциясы айтарлықтай жеделдеді.

2022 жылғы маусымда инфляция айлық мәнде 1,6%-ды құрады, бұл 2000 жылдан бастап осы ай үшін ең жоғары мән болып табылады. Жылдық мәнде бағаның өсуі 14,5%-ға дейін жеделдеді.

2022 жылғы маусымда айлық маусымдық тазартылған инфляция 4-6% нысаналы дәлізге сәйкес келетін деңгейден едәуір асып, 1,7% деңгейінде қалыптасты. Маусымдық тазартылған инфляция ағымдағы жылдың басынан бері нысаналы дәліз шекарасынан асып кетті.


График 1. Айлық маусымдық тазартылған инфляция



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Әртүрлі әдістемелер бойынша есептелген базалық маусымдық-тазартылған инфляция ағымдағы жылдың наурыз айында күрт көтерілгеннен кейін оның кейір тұрақтануына қарамастан, нысаналы дәлізден жоғары қалыптасуын жалғастыруда. Бұл экономикадағы тұрақты инфляциялық аяның сақталуын көрсетеді.

График 2. Базалық инфляция: есептеудің әртүрлі әдістері¹



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері


¹ Базалық инфляция бұл бағаның тұрақты өзгеруін сипаттайтын шама. Орташа қысқартылған баға өзгерісінің 10% ең төмен және 10%-ы есебінен осы айда ең жоғары маусымдық-тазартылған баға өзгерісін алып тастау арқылы есептеледі; 8 аса құбылмалы компонентсіз базалық инфляция - инфляция есебінен соңғы 2 жылда бағаның маусымдық-тазартылған өзгерісінің стандартты гүйгізу ең жогары болып табылатын 8 компонентті алып тастайды; медиана осы айда бағаның маусымдық-тазартылған өзгерісін бөлудің 50% - дық перцентилі болып табылады.

Инфляцияның қалыптасуына азық-тұлік тауарларының, атап айтқанда, нан-тоқаш өнімдері, жарма, қант және кондитерлік өнімдер, ет және сүт өнімдерінің қымбаттауы негізгі үлес қосуды жалғастыруда. **Азық-тұлік** тауарлары бағасының жылдық өсімі ағымдағы жылғы маусымда 19,2%-ға дейін (2022 жылғы мамырда – 19,0%) өсті.

Сегізінші ай қатарынан әлемдік нарықтарда дәнді дақылдардың қымбаттауы және өткен жылғы егіннің төмендігі себебінен нан-тоқаш өнімдері мен жармалар бағасының өсуі қарқының жеделдеуі байқалады. Ет және сүт өнімдері бағасының өсуі жалғасты, бұл негізінен жем құнының қымбаттауының салдары болды. Қант пен кондитерлік өнімдер бағасының өсуі жеделдеді. Бұл оған сұраныстың өсуі себебінен қант жеткізілімінің төмендеуіне байланысты.

2021 жылғы маусымдағы жоғары база 2022 жылғы маусымда майлар мен тоң майлар бағасының өсуінің баяулауына себеп болды. Жеміс-көкөніс өнімдері бағасының өсуі баяулады, бұл өткен жылдың жоғары базасының шығуының, сондай-ақ жаңа егіннің түсініне байланысты маусым айында жаңа піскен көкөністердің жекелеген түрлеріне (қырыққабат, қызылша, қияр, қызанақ) бағаның төмендеуінің нәтижесі болды.


График 3. Тауарлардың жылдық азық-тұлік инфляциясына үлесі



Азық-тұлік емес тауарлар инфляциясы 2022 жылғы маусымда 13,2%-ға дейін (2022 жылғы мамырда – 11,9%) жеделдеді. Киім мен аяқ киімге, жеке пайдалануға арналған тауарларға, тұрмыстық заттарға, құрылыш материалдарына, жуу және тазалық құралдарына бағаның өсуі жеделдеді. Осы тауарларды тұтынудағы импорттың жоғары үлесін ескере отырып, бағаның өсуін жеделдету импорттық бағалардың көтерілуімен, теңгенің айырбастау бағамының құнсыздануымен, көлік қызметтерінің қымбаттауымен байланысты.


Ақылы қызметтер инфляциясы 2022 жылғы маусымда 9,2%-ға дейін (2022 жылғы мамырда – 9,1%) жеделдеді. Амбулаториялық қызметтерге, оның ішінде стоматологиялық қызметтерге бағаның өсуінің жеделдеуі байқалады. Шаштараз бен сұлұлық салондарының, санаторийлердің, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының, мейрамханалар мен қонақ үйлердің, сондай-ақ мәдениет пен ойын-сауық саласындағы қызметтердің бағасы өсті. Сонымен қатар, әуе тасымалы, қалааралық автобус пен таксидің құны қымбаттады.

График 4. Тауарлардың жылдық азық-түлік емес инфляцияға үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

График 5. Ақылы қызметтердің жылдық инфляциясына қызметтердің үлесі



Ақпарат көзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептері

Өндөуші өнеркәсіптегі баға өсімінің үшінші ай қатарынан өсуінің баяулауы және 2022 жылғы наурыздан бастап ауыл шаруашылығы өнімдері бағасының өсуі

Өндөу өнеркәсібінде 2022 жылғы маусымда өндірушілер бағасының жылдық өсімі 14,9%-ға дейін (2022 жылғы мамырда – 19,5%) айтарлықтай баяулады. Азық-түлік өнімдерін өндіретін кәсіпорындар арасында ет, май және тоқ май бағасының өсуінің баяулауы байқалды. Сонымен қатар, қант, сұт, ұн және жарма өнімдерін, нан-тоқаш және макарон өнімдерін өндірушілер бағасының өсуі байқалды.

Ауыл шаруашылығында өндірушілердің бағасы ағымдағы жылғы маусымда жылдық өсімі мәнде 22,4%-ға өсті (2022 жылғы мамырда – 19,7%-ға). Өсімдік шаруашылығында бидай, жүгері, майлы тұқымдар мен жаңа піскен көкөніс бағасы жоғары қарқынмен өсті, бұл ретте

жем-шөп дақылдары бағасының өсімі баяу болды.. Мал шаруашылығында құс бағасы төмендегенімен, шикі сұт бағасының жылдық өсу қарқыны жоғары болды.

График 6. Ауыл шаруашылығындағы бағалар




График 7. Өнеркәсіптегі бағалар

